

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Есет ауылы әкімінің 2022 жылғы 28 қыркүйектегі № 16 шешімі

Қазақстан Республикасының Жер Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес ШЕШТІМ:

1. "QazaqGaz" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамына, ШТИ-001, КУ-446 электр жабдықтау желісін салу үшін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймастан Есет ауылының аумағында орналасқан жалпы алаңы 0,2124 гектар жер учаскесіне 3 (үш) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Есет ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы шешімді ресми жариялауға жіберуді;

Бейнеу ауданы әкімі аппаратының ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Есет ауылының әкімі*

*А.Ізбасаров*